

## Анама

*Асықпай*

Сөзі Рысты Шотбаеванікі  
Әні Жаксылық Мұқановтікі

Сор кет-пей маң - дай - дан,  
Са - на-мен сар - ғай -  
ған.  
Ө - мі - рің өт - ті ғой,  
Ол кез-де  
сон - дай заң.  
Бой-ға дерт жай - ы - лып,  
Қа - на-тың қай - ры - лып.  
Құс бол-дың, құ - са  
лы,  
Кет-пе-дің ай - ы - ғып.

1. Сор кетпей маңдайдан,  
Санамен сарғайған.  
Өмірің өтті ғой,  
Ол кезде сондай заң.

Қайырмасы:  
Бойға дерт жайылып,  
Қанатың қайрылып.  
Құс болдың, құсалы,  
Кетпедің айыбып.

2. Еркің жоқ, шерлі едін,  
Теңдікке шөлдедің.  
Не керек, дарига,  
Сол күнді көрмедің.

Қайырмасы:

Бұл күнде өмір шат,  
Қызыққа толы шақ.  
Бұдан да құлпырып,  
Гүлденер болашақ.

3. Мұқтажсыз аналар,  
Бақытты балалар.  
Армансыз адамдар,  
Мың-мыңдал саналар.

Қайырмасы:

Әйел тең ерімен,  
Есейген елімен.  
Сондықтан еске алдым,  
Анашым, сені мен! } 2 рет